

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы 6D010000 – Білім беру (Педагогикалық және психологиялық ғылымдар) мамандықтары бойынша Диссертациялық кеңесінің 2018 жылғы

ЕСЕБІ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы 6D010000 – Білім беру Педагогикалық және психологиялық ғылымдар) мамандықтары бойынша Диссертациялық кеңесі Абай атындағы ҚазҰПУ ректорының №01-02-02/02-61-1 бүйрөгімен 2017 жылы қараша айының 1 күні құрылды, төрағасы педагогика ғылымдарының докторы, профессор Әлмұхамбетов Берікжан Айтқұлұлы бекітілді.

Диссертациялық кеңеске

6D010300 –Педагогика және психология;

6D010700– Бейнелеу өнері және сызу;

6D050300 –Психология мамандықтары бойынша қорғату үшін диссертацияларды қабылдауға рұқсат берілген.

Диссертациялық кеңестің құрамы 15 адамнан тұрады. Диссертациялық кеңестің құрамына әрбір бейін бойынша кәсіби қызмет саласына сәйкес келетін 5 кеңес мүшесі енгізілген болатын.

Абай атындағы ҚазҰПУ Фылыми кеңесінің 2018 жылғы 31 қазандығы шешімімен (№2 хаттама) Диссертациялық кеңестің құрамына өзгерістер енгізілді. Басқа ЖОО -на жұмыс істеуге аудиоформаттық форматтағы қызметтің атқарған кеңес мүшесі А.М. Усенова (PhD докторы), сондай-ақ мемлекеттік ұйымға аудиоформаттық форматтағы 6D010700- **Бейнелеу өнері және сызу** мамандығы бойынша кеңес мүшесі Исабек Н. Е.(п. ф. д., профессор) кеңес құрамынан шығарылды, кеңес құрамына Танирбергенов М.Ж. (п. ф. д., профессор) және Жұндыбаева Т. Н. (п.ф.к., қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы -ғалым хатшы қызметіне) енгізілді.

Кеңес отырысына Кабекенов Габит Уапович деңсаулық жағдайына байланысты қатысқан жоқ.

2018 жылы диссертациялық кеңеске ұсынылған диссертацияларды қарастыру үшін 4 кеңес отырысы өткізілді.

6D010300 –Педагогика және психология мамандығы бойынша - 3;

6D010700– Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша - 1 диссертация қорғалды.

Соның ішінде, 2- жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде, 2 жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде орындалған.

4 диссертациялық жұмыс та қазақ тілінде орындалған. Қорғау барысында докторанттар слайдтар көрсету арқылы өздерінің сөздерін ана тілінде баяндады.

Қорғау мерзімі мен олардың саны диссертациялық кеңестің Ережелеріне сай анықталып мына уақыттарда өтті:

1. Садирбекова Динара Калымбековна – 29 желтоқсан сағат 09.00

2. Бекболатова Құралай Маратовна – 29 желтоқсан сағат 11.00

3. Боранбаева Актолқын Раисбековна – 29 желтоқсан сағат 14.00

4. Тасова Асель Баймурзаевна – 29 желтоқсан сағат 16.00

Диссертациялық жұмыстардың тақырыптары көрсетілген мамандықтардың дамыту бағыттарымен, республикадағы білім беру жүйесінің ұлттық мемлекеттік бағдарламасының дамымен сәйкес келеді және практикалық бағыттылығы бар.

1. Садирбекова Динара Калымбековна. Диссертация тақырыбы: «Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған.

Ғылыми кеңесшілері:

Пірәлиев Серік Жайлайұлы - ҚР ҰҒА академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

Незахат Гючлю - PhD доктор, Гази университетінің профессоры, Анкара қ., Түркия.

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.. Қорғау тілі – қазақша.

Зерттеу тақырыбының көкейтестілігі. «Қазақстан-2050»

Стратегиясында «білім беру саласындағы менеджменттің аз дамығандығы, оны дамыту қажеттілігінің» көрсетілуі, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «...қазіргі қоғамның басты талаптарының бірі – басқарушылық құзыреті дамыған жаңа түрпатты адамды қалыптастыру» екендігіне аса мән беруі біздің айтқан ойымыздың жарқын айғағы.

Оған қоса Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашақта бағдар» бағдарламалық макаласында көрсетілген «қоғамдық сананы дамытудың» нәтижелі жүзеге асырылуы болашақ мұғалімнің бүгінгі жас ұрпақты саналы басқаруын қажет етеді.

Осы айтылып өткендер Қазақстандық білім берудің көп сатылы реформасы үдерісінде туындастырылған терең сапалы өзгерістер жағдайында оқутәрбие үдерісін, ұжымды, ұйымды басқаруға қабілетті мұғалімнің жаңа түрін қалыптастырудың өзектілігін айқындайды.

Мұғалім заманауи білім беруді жаңғырту жағдайында басқарушылық-педагогикалық міндеттерді тиімді шеше алуы, басқарудың қажетті деңгейіне ие болуы, мектептегі білім беру және әр баланың даму үдерісін ұтымды жоспарлауды, ұйымдастыруды, бақылауды жүргізе білуі тиіс. Нәтижелі басқару үшін болашақ мұғалімде басқарушылық құзыреттілік қалыптастырылуы керек. Осыған байланысты педагогикалық басқарушылық негізінде болашақ мұғалімдердің басқару құзыретін қалыптастыру арнайы зерттеулерді қажет етеді және мамандарды кәсіби даярлаудың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі

- Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды;
- педагог-менеджер тұлғасының құрылымы анықталды және оған

сипаттама берілді;

- болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді, оны ендіру бойынша ұсыныстар берілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

- болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі (басқарушылық құзыреттілігі қалыптасуын айқындау мен қалыптастыру әдістемелері, рефлексивтік диагностика және т.б.)

- базалық міндетті пәндердің (Педагогика, Білім берудегі менеджмент, Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі); бейіндеуші міндетті пәннің (Бағалаудың критериалдық технологиялары) бағдарламаларының мазмұнына қосымшалар;

- педагог-менеджер үйірмесінің мазмұны жасалып, тиімділігі істәжірибеде тексерілді.

Садирбекова Динара Калымбековнаның зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын жоғары педагогикалық оқу орындарында, жалпы білім беретін мектептердің, гимназия мен лицейлердің жоғары сатысында, колледждердің тәжірибесінде, педагог мамандардың біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

2. Бекболатова Құралай Маратовна. Диссертация тақырыбы: «Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының көсіби шеберлігін қалыптастыру» 6D010700 – Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған.

Ғылыми кенесшілер:

Әлмұхамбетов Берікжан Айтқұлұлы - педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Ömer Zaimoğlu - педагогика ғылымдарының докторы, Ақдениз университетінің доценті, Антalia қ., Турция

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы ҚазҰПУ-де орындалған. Қорғау тілі – қазақша.

Зерттеу тақырыбының көкейтестілігі. Халқымыз ғасырлар бойы тұған жердің табиғатын көздің карашығындаң сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын тенденсі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үніліп көрсек, шынайы pragmatismнің талай жарқын ұлгілерін табуға болады. Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса ешқандай жаңғыру болмайды деп, Елбасы Н.Назарбаевтың Рухани жаңғыру бағдарламасы мақаласында атап көрсетілді .

Әр азаматтың кәсіби қызметінде экологиялық зардаптардың салдарынан табиғи құндылықтарымызды жойып алмау мақсатында тәрбиелі, жан-жақты біліммен қаруланған, өз ұлтының мәдениеті мен салт-дәстүрін, кәсіби ойлау көзқарасы дамыған маман тәрбиелеу маңыздылығына жеке тоқталады.

Жоғарыда айтылғандарға бейнелеу өнері мамандарының экодизайн технологиялары арқылы кәсіби шеберлігін қалыптастыру үдерісі толықтай жауап береді. Себебі, экодизайн технологиялары қазақ халқының ерте заманнан сәндік қолөнер бұйымдарын жасаудың түрлері мен жолдарынан, бұйымдар дайындаудағы шебер орындалған кестелеу, өру, өрнектеу, басылған, тоқылған сияқты өндеу тәсілдері, бұйымдар материалдарының күміс, тері, ағаш, мақта, жұн, зығыр, қыш, сазбалшық және т.б., қоршаған ортамен байланысты болғанынан хабар береді. Сәндік қолөнер бұйымдарын таза, табиғи материалдармен жасаудағы композиция, конструкция, технологиялық бірізділігін орындау әдістері жогары шеберлікті қажет етеді. Ал, оны экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарына үйрету дәстүрлі қолөнерге, оның дәстүрлі технологияларын менгеруге, табиғи материалдарды пайдалану мүмкіндіктерін түсінуге, кәсіби білімге, кәсібіне, шеберлікке, кәсіби әрекеттерінің дамуына ықпал етеді. Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігінің қалыптасуының маңызын көздейтеді.

Зерттеудің теориялық маңызымен ғылыми жаңалығы:

- экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды;
- экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың ерекшеліктері негізделді;
- экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың моделін жасап, өлшемдері мен көрсеткіш деңгейлері анықталды;
- экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың әдістемесі жасалып, тиімділігі эксперимент жүзінде дәлелденді.

Зерттеудің практикалық мәні: болашақ бейнелеу өнері мамандарына арнал: «Дизайн негіздері», «Сәндік қолөнер негіздері», «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» пәндері бағдарламалар мазмұнына қосымшалар; «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» пәніне арналған белсенді үlestірмелі материал; «Экодизайн және технология» атты болашақ бейнелеу өнері және сыйы мамандарына арналған оқу-әдістемелік құралы дайындалды; осы оқу-әдістемелік құралы негізінде «Дизайн және технология» атты арнайы курс бағдарламасы жасалды. Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың шеберханада және шеберханадан тыс оқыту әдістемелері көрсетілді.

Бекболатова Құралай Маратовнаның зерттеу материалдарын арнаулы және жоғары оқу орындарының бейнелеу өнері және сыйы, көркем еңбек,

көркемсурет және графика, дизайн, сондай-ақ, мамандардың біліктілігін кайта жетілдіретін мекемелерде пайдалануға болады.

3. Боранбаева Актолкын Раисбековна. Диссертация тақырыбы: «Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығының қалыптастыру» 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған.

Ғылыми кеңесшілері:

Беркимбаев Камалбек Мейрбекович - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ғылыми істер жөніндегі вице-президенті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы.

Арымбаева Кулимхан Майлковна - педагогика ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Yücel Gelişli - PhD доктор, Гази университетінің профессоры, Анкара қ., Түрция.

Диссертациялық жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде орындалған.

Зерттеу тақырыбының қөкейтестілігі. Білім алушы тұлғасының жаңақты даму қажеттілігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында Білім беру жүйесінің бірінші міндетінде «ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шындауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсетілген болатын.

Сол себепті қазіргі жоғары педагогикалық оқу орындарында білімге деген қажеттіліктерін басқаруға қабілетті, оларды үздіксіз байтуға инновацияларға дайын, нақты жеке мақсаттарын қалыптастыра алатын шығармашылық қабілеттерін өздігінен дамытуға икемді болаша шығармашылық қабілеттерін өздігінен дамытуға икемді болаша мамандарды даярлау қажеттілігі артып отыр. Болашақ мұғалімнің өзінің кәсіби дамуы жолын іздестіруге бағытталған жеке өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі жетілуіне байланысты кәсіби дағдыларының өсуі оның болаша өзін-өзі қызметінде табыстылықпен өзін-өзі растаудына, толыққанды өзін-өзі жүзеге асырудына мүмкіндіктер береді. Осыған байланысты, болаша мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде табысқа жету құралы тұрғысынан өздігінен білім алуға даярлықты қалыптастыру үшін университетте жағдай жаса маңызды. Бүгінгі күні университет студенттерінің өздігінен білім алу ішінде шараларын ұйымдастыру мен жүзеге асыруда қындықтар бар екендік ақиқат.

Ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі:

- «өздігінен білім алу», «кәсіби өздігінен білім алу» ұғымдары нақтыланды және болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алу даярлығын қалыптастырудың мәні анықталды;

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалды;

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;
- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруға негізделген оқу-әдістемелік кешен даярланып, 5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы студенттерін оқыту үдерісіне ендірілді:

1) Элективті курстың бағдарламасы:

«Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі»

2) оқу құралдары:

- «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі»

- «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде зерттеу әдіснамасы мен әдістемесі»

3) электронды оқу құралы:

«Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі».

Боранбаева Актолкын Раисбековнаның зерттеу нәтижелерін жоғары педагогикалық оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімін кәсіби даярлау үдерісіне, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіру институттарында, педагогикалық колледждерде, жалпы білім беретін орта мектептердің, гимназия, лицейлердің оқу-тәрбие үдерісінде пайдалануға болады.

4. Тасова Асель Баймурзаевна. Диссертация тақырыбы: «**Болашақ бастауыш сыйып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру**» 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған.

Ғылыми кенесшілері:

Беркимбаев Камалбек Мейрбекович - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ғылыми істер жөніндегі вице-президенті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы.

Ниязова Гулжан Жолаушықызы педагогика ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы.

Prof.Dr.Yücel Gelişli - PhD доктор, Гази университетінің профессоры, Анкара қ., Түркия.

Диссертациялық жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде орындалған. Қорғау тілі – қазақша.

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі білім беру саласында оқытудың, тәрбиелеудің мазмұнын қофам дамуының қадамына сәйкестендіріп, оны шырқау биіктеге көтеруге бағытталған тың әдіс-тәсілдер жасалуда. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгерітіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келуде. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терен теориялық, психологиялық, әдістемелік

білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үніліп, оларды түсіне білуді талап етеді. Өйткені нарықтық экономика білім беру мақсаттарын «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын коммуникативтік әрі креативті адамға» ауыстыруды қажет етіп отыр.

Осыған орай 2017 жылы мемлекетте бекітілген Педагогтың кәсіби стандартында педагогикалық кәсіби құндылықтар «...білім алушының тұлғасын, оның құқығы мен бостандығын құрметтеу; басқа сенімдерге, әлем мен дәстүрлерге деген көзқарастарына - толеранттылық білдіру; мәдени алуан түрлілігіне ашықтығы; икемділігі, бейімделу қабілеті, эмпатияға деген қабілеті; тұлға құндылықтарын, тіл мен коммуникацияны түсіну; өз бетімен білім алу, талдамалық және сынни ойлау дағдылары; коммуникативтік және тілдік дағдылары; ынтымақтастық дағдылары, дауларды шешу қабілеті» деп анықталған.

Ал бұл болса, бүгінгі болашақ педагогтардың коммуникативтік құзыреттілігінің маңызды негізін құрайтын коммуникативтік креативтілікті зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды;
 - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың мәні анықталды;
 - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;
 - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

Болашақ бастауышсынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға арналған оқу-әдістемелік кешен әзірленіп, оқыту үдерісіне ендірілді: элективті курстың бағдарламасы: «Тұлғаның коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру»; оқу құралдары: «Креативті педагогика», «Қарым-қатынас мәдениеті»; электронды оқу құралдары: «Қарым-қатынас мәдениеті», «Коммуникативтік креативтілікті дамытуға арналған жаттығулар жинағы»; оқу модулі бойынша жеке сабактар: «Педагогика», «Педагогикалық технология және инновация».

Тасова Асель Баймурзаевнаның зерттеу нәтижелерін жоғары педагогикалық оқу орындарының бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлау үдерісіне, кәсіби біліктілігін жетілдіру орталықтарында, педагогикалық колледждерде, жалпы орта білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында пайдалануға болады.

2018 жылы Абай атындағы Қазақ Үлттық педагогикалық университеті жанындағы 6D010000 – Білім беру (гуманитарлық ғылымдар) мамандықтары бойынша PhD докторы дәрежесін қорғататын Диссертациялық кеңеске өтініш берген докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына ресми рецензенттер ретінде республикадағы білікті мамандар тағайындалды.

Рецензенттерді іріктеу кезінде ғылыми жетекшілер мен рецензенттердің тәуелсіздік ұстанымы басшылыққа алынды.

Рецензенттердің пікірлері Ғылым комитеті тарапынан ұсынылған ережелер мен талаптарға сәйкес жазылуы қадағаланды. Пікірде қорғауға ұсынылып отырған ғылыми еңбектің теориялық және практикалық маңызы мен жаңашылдығы, нәтижелері дәйектеліп көрсетілуі талап етілді.

Рецензенттер жұмыстарды жетілдіру, дамыту бағытында өз ұсыныстарын беріп отырды.

Есеп беріліп отырған кезеңде қорғалған диссертациялар бойынша жазылған ескертпелер мен көрсетілген жекелеген кемшіліктердің зерттеу еңбектерінің жалпы ғылыми-теориялық мазмұны мен практикалық нәтижелеріне нұқсан келтірмейтіні ашып көрсетілген. Рецензенттер тарапынан диссертацияларға теріс пікірлер берілген жоқ.

Есеп беріліп отырған кезеңде Томсон Рейтер, Scopus базаларына енетін шетелдік салалық басылымдарда мақалалары жарық көріп үлгермегендіктен, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің педагогика және психология мамандығы бойынша қорғауға З докторант шыққан жоқ.

Есеп беру кезеңінде докторанттардың жұмыстарының көбінде орфографиялық, пунктуациялық және стильдік қателер орын алғаны көрсетілген. Ізденушілерге бұл мәселеге жоғары жауапкершілікпен қарау ескертілді. Сондай-ақ, үш тілдегі аннотацияларды қазақ, орыс тілдерінен ағылшын тіліне аударғанда дұрыс, сауатты аударылмаған жағдайларда қайта өңдеу жұмыстары жүргізілді.

Ғылыми кадрларды дайындау жүйесін одан әрі жетілдіру үшін ұсыныстар:

1. Диссертациялық жұмыстарды қорғату үшін жіберіп отырған жоғары оқу орындарының басшылары, кафедра менгерушілері мен ғылыми жетекшілерінің қорғауға жіберіліп отырған диссертациялық жұмыстардың сапасы мен дайындық деңгейлері үшін жауапкершіліктерін күшету;

2. Қорғауға докторанттарын ұсынып отырған кафедрадағы ғылыми жетекшілеріне тұлекторінің Томсон Рейтер, Scopus базаларына қатысты шетелдік басылымдарда мақалаларының өз уақытында жариялануын қадағалауды күшету, қажет болған жағдайда докторанттарға ғылыми-методикалық көмек көрсету;

3. Қоғам сұранысы мен уақыт талабына жауап беретін, нақты практикалық маңызы бар ғылыми зерттеулер жұмыстарының тақырыптарын тандап алуын өзектендіру.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялар туралы мәліметтер

	Мамандық 6D010300 <i>Педагогика</i> және <i>психология</i>	-	Мамандық 6D010700 Бейнелеу және сыйыз	-	Мамандық 6D050300 <i>Психология</i>
Коргаудан алынып тасталған диссертациялар	-	-	-	-	-
Соның ішінде диссертациялық кеңес тарапынан алынып тасталған	-	-	-	-	-
Рецензенттердің теріс пікірлерін алған диссертациялар	-	-	-	-	-
Коргаудың нәтижесі бойынша он шешім қабылдаған	3	-	1	-	-
Соның ішінде басқа оку мекемелерінен	2	-	-	-	-
Коргаудың нәтижесі бойынша теріс шешім қабылдаған	-	-	-	-	-
Соның ішінде басқа оку мекемелерінен	-	-	-	-	-
Корғалған диссертациялардың жалпы саны	3	-	1	-	-
Соның ішінде басқа оку мекемелерінен	2	-	-	-	-

Диссертациялық кеңестің тәрағасы

Диссертациялық кеңестің галым хатшысы

Б.А. Әлмұхамбетов

Т.Н. Жұндібаева



Растаймын:
БАСКАРЫ БАСКАРУ БАЙЫМЫН БАСТЬЫ
АДМИНИСТРАТИВНЫЙ ОТДЕЛ ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ
КазҰПУ имени Абая